

## Құрметті ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар!

Сіздерді соңғы қоңырау мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Әр білім ордасында соңғы қоңырау мерекесі — мектеп тарихына енетін көңілді әрі қуанышты оқиға. Біздің мектебімізде биыл бітіруші түлектер жоқ. Десек те, оқу жылын тамамдаған 609 оқушының білім мен ғылым, спорт пен өнер саласындағы жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Атап айтсақ, дарындылар 9 халықаралық, 47 республикалық, 8 облыстық және 1 қалалық деңгейдегі жүлделі орындарды иемденіп, мектептің абыройын асқақтатты. Мұғалімдердің 3 әдістемелік кітаптары жарық көрді. Ал оқу үдерісін жандандырып, білікті, білімді шәкірт тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар ұстаздар мереке қарсаңында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен мектеп әкімшілігі тарапынан арнайы марапаттауларға ие болғалы отыр.

Мектептің жұмысы мұнымен тоқтамайды, осыдан кейін 9-сынып оқушыларының жыл бойы алынған білімдерін сағалайтын мемлекеттік емтихандар баспалады. Олар бүгінге дейін практикалық сынақтардан өтсе, енді теориялық білімдерін шындайды. Алдағы жазғы уақытта да оқушыларға арнап түрлі шаралар өткізіліп, арнайы экспедициялар мен өзге қалалардағы Назарбаев Зияткерлік мектептеріне саяхаттар ұйымдастырылады. Ал жаңа 2014-2015 оқу жылынан бастап мектепке тағы 80 оқушы қабылданады, грант иегерлерінің тізімі арнайы құрылған комиссияның шешімімен анықталып, жарияланды.

Ұстаздар қауымына және мектептегі ағашқы жылдарын сәтті аяқтап, келесі сыныпқа аяқ басқан барлық мектеп оқушыларына жазғы демалыстарын жақсы өткізіп, күш жинап, жайдары көңіл күймен жаңа оқу жылына оралуларыңызға тілектеспін.

**Игі тілекпен,  
мектеп директоры  
Мункеева Гүлмира Бақытбекқызы**

**Сыңғырла,  
соңғы қоңырау,  
Тілегің болсын  
түлекке.  
Киелі үнің  
күш берсін,  
Үлпілдеп тұрған  
жүрекке!**



## ПРАЗДНИМ НАУРЫЗ

**Учащиеся Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления в г. Кызылорда широко отметили «Наурыз мейрамы».**

Празднование «Наурыз мейрамы» в Назарбаев Интеллектуальной школе началось с концертной программы. Учащиеся подготовили для зрителей яркое театрализованное представление. Одетые в красочные костюмы девочки в танце показывали зрителям пробуждение земли после долгого зимнего сна, таяние снега, появление первых весенних ростков. Сказочные персонажи Жаршы, Кызыр баба, Жер Ана, покорила сердца всех собравшихся своей красочностью и значимостью образов, смогли передать всю историю празднования великого праздника. Заместитель акима города Руслан Рустемов, поздравив всех с праздником, отметил высокую подготовку школы к празднованию «Наурыз мейрамы». За вклад в развитие образования и науки Руслан Рустемович вручил руководству учебного заведения «Благодарственное письмо» и пожелал учащимся дальнейших успехов в учебе.



Во дворе школы развернули настоящий казахский аул из 15 юрт, олицетворяющий единство и благополучие всего казахстанского народа. Во всех юртах с самого раннего утра каждый «Шанырак» демонстрировал казахские национальные традиции и обычаи, гостей угощали праздничным блюдом Наурыз-коже, а также пловом, баурсаками, горячим чаем со сладостями. В своем выступлении директор НИШ ХБН г. Кызылорда Гульмира Мункеева отметила: «Наурыз – это начало изобилия. Несмотря на то что наша школа функционирует всего 8 месяцев, учителя успели выпустить 3 методических пособия, еще 16 педагогов получили дипломы республиканского значения. А наши одаренные дети являются неоднократными победителями и призерами международных, республиканских, областных и городских конкурсов».



Свое выступление руководитель школы Гульмира Бахытбековна завершила словами: «Хочу пожелать дальнейших успехов нашим учащимся. Еще раз всех с праздником! Благополучия, стабильности и процветания стране».

Гостями праздника были родители учащихся, руководители областных и городских структур, представители нефтяных компаний и предприятий области. Но самыми главными гостями праздника стали дети с ограниченными возможностями.

Специально для них учащиеся школы подготовили игры, различные представления. Стоит отметить, что в рамках организованной благотворительной акции «Протяни руку помощи...» учащиеся Интеллектуальной школы г. Кызылорда взяли под опеку 14 школьников, обучающихся на дому. Одаренные дети обязались посещать этих ребят, помогать им с уроками, проводить совместные мероприятия. Цель – оказать помощь нуждающимся, дать возможность быть активными в общественной жизни и не чувствовать себя ограниченными.

Не обошлось на празднике без спортивных состязаний. Любой желающий мог померить свои силы в перетягивании каната, велокроссе, поднятии гири, метании дротиков и других национальных играх.

Наурыз – это праздник весны, обновления природы, начала нового года, новой жизни. Это очень символичный праздник, с Наурызом связаны многие традиции и обычаи казахского народа. В Назарбаев Интеллектуальной школе решили организовать «Зеленую акцию». Учащиеся вместе со своими родителями сажали различные деревца рядом со школой. Кстати, в юрточном городке каждый «Шанырак» развернул выставку-продажу детских и ремесленных поделок. Куклы из синтепона, сувениры, картины и многие другие предметы, сделанные руками учени-



ков, были раскуплены все до единого. Вырученные деньги ребята намерены потратить на приобретение необходимого подарка подшефным.

Не менее интересной оказалась верховая езда. Каждый посетитель смог прокатиться на породистых лошадях. Получив большое удовольствие от езды, гости смогли воочию увидеть всю красоту этноаула.

Установленные повсюду баннеры с поздравлениями, импровизированные сцены для выступления талантов художественной самодеятельности подарили массу положительных эмоций собравшимся. Люди поздравляли друг друга на разных языках, но и без перевода было все понятно. Завершилось мероприятие флеш-мобом. Более 700 учащихся, и их родителей, а также все сотрудники Интеллектуальной школы одновременно станцевали знаменитый танец «Кара жорга». Праздник, несомненно, удался. Он доставил массу удовольствий и запомнился всем присутствовавшим.



## НИКТО, НИКОГДА НЕ БУДЕТ ЗАБЫТ

**Среди старшеклассников Назарбаев Интеллектуальной школы г. Кызылорда прошли военно-спортивные соревнования, посвященные 69 годовщине Великой Победы.**

Воспитание патриотизма среди молодежи – одна из основных задач на сегодня. В этой связи в Назарбаев Интеллектуальной школе города Кызылорда состоялось праздничное мероприятие, посвященное 69 годовщине Великой Победы. Радушно встретив ветеранов Великой Отечественной войны и Афганской битвы, ученики 11-х классов организовали военно-спортивные соревнования. Кроме привычных для участников силовых упражнений — рукоборья и перетягивание каната — была организована военизированная эстафета Будущие защитники Отечества разбирали и собирали автомат Калашникова, стреляли в мишень с помощью пневматической винтовки и др. Как отметил гость вечера, председатель ОО «Совет ветеранов-афганцев и инвалидов» Галымжан Камалов, подвигам и в мирное время. «Незабывайте, Отечества. Вы должны стать достойными ки. Чтите память, тех кто ради свободы» - подчеркнул афганец.

Хорошие результаты медицинской помощи. За ли обработать рану по и донести раненого в Продолжилось мероприятие ученики школы трогали прослезиться приглашенных гостей.

Никто никогда не будет забыт! Память о великих людях, которые ценой своей жизни сражались ради мирного неба, навсегда останется в наших сердцах. Это еще раз доказали ученики Назарбаев Интеллектуальной школы.



лодежь должна стремиться к что Вы - будущие защитники гражданами нашей республикой своей жизни сражался кнул в своем выступлении ге-

ты ребята показали и во время оказания первой довольно короткое время старшеклассники смогли пострадавшему солдату, переложить его на носилки безопасное место.

приятие концертной программой. Талантливые тельно исполнили песни военных лет, что заста-



**Елена РЫБИНА,**  
пресс-секретарь школы

## МАТЕМАТИКА АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ



Сәуір айының 21-26 жұлдызы аралығында Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде математика бірлестігінің ұйымдастыруымен «Математика. Ғылым және ізденіс» тақырыбында апталық өтті.

Өткен апта математика бірлестігі үшін, қызу жұмыс қарқынымен өтті. «Математика. Ғылым және ізденіс» тақырыбымен басталған апталық аясында түрлі іс-шаралар, ашық сабақтар көпшілік назарына ұсынылды. Апталық кезінде әр деңгейіндегі сыныптарға жас ерекшеліктеріне қарай өткізілетін іс-шаралар жүйелі жоспарланды.



7-сыныптар арасында өткен логикалық олимпиада, сондай-ақ 8-сыныптар аралығында ұйымдастырылған интеллектуалды олимпиадалар әр оқушының математикалық ойын ұштап, шығармашылық, қабілетін арттыруға бағытталды.

Қазіргі таңда білім мазмұны оқушының өз бетімен белсенді, танымдық іс-әрекет ете білуін талап етіп отыр. Осы мақсатта 9-сынып оқушыларына ғылыми жоба жазу жұмыстары тапсырылды. Пән мұғалімдерінің жетекшілігімен 9-сынып оқушылары алдын-ала белгіленген тақырыптар бойынша өз жобаларын ұсынып, өздерінің идеяларымен бөлісті. Әрине, әр оқушының еңбегі бағаланып, түрлі ой-пікірлер де айтылды.

«Жас келсе - іске» - дегендей бірлестік жетекшісі Ж.Т.Сапарбаевтың өз ісіне шеберлігі, сонымен қатар бірлестік мүшелерінің ұйымшылдығы тек оқушыларды ғана емес, сондай-ақ мектеп ұстаздары мен ата-аналарды да осы аптада өткен іс-шараларға тарта білді. 7-сыныптардың ата-аналары арасында өткен «Зияткер және дені сау отбасы» сайысы математиканы спортпен байланыстырса, мектеп мұғалімдері арасында өткен «Не? Қайда? Қанша?» сайысы математиканың өмірдегі маңызын тағы да айқындай түсті.



Зияткерлік мектептің басқа мектептерден ерекшелігі - мұғалімдердің білім беруде жан-жақты дайындалуына қолжетімділігі. Пән мұғалімдерінің өткізген командалық сабақтарында АҚТ-ны қолданып, мектеп ұсынған «Bilim» сайтының тақырыптарына сәйкес кинофильмдер көрсетілді.

Апталықтың соңы 11-сыныптар аралығында ұйымдастырылған «Математика және махаббат» атты сайыспен аяқталды. Әр сыныптан екі жұп қатысып, алты бөлім бойынша логикалық тапсырмаларға жауап беріп, математика ғылымында ашылған жаңалықтар, ғалымдар өмірінен көрініс көрсетті. Сонымен қатар математиканы модамен ұштастырып, ән-билер орындады. Әр жұп математика тілінде тілектер айтып, қыз бен жігіт айтысын орындады. Сайыс қорытындысы бойынша 11 «В» сыныбы жеңіске жетті.

**Ботагөз АХМЕТОВА.**  
математика пәнінің мұғалімі

## ПОЭЗИЯ, МЕНШЕК ЕТІЗ БЕ ЕДЖІ?!

Қызылордадағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби – сазды кеш өтті.

Қазақ поэзиясының мұзбалағы, өмірі - өлең, өлеңі - өмірге айналған Мұқағали Мақатаевқа арналған кеш ерекше сезім мен сырға толы болды. Ақын өлеңдерін насихаттау, жастар бойында патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатында өткен кеш мектеп кітапхана ұжымы мен қазақ тілі кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілді. Кеште Назарбаев Зияткерлік мектебінің талантты оқушылары Мұқағали Мақатаевтың сарқылмайтын шабыт пен сағынышқа толы жырларын тебірене оқып, ақын сөзіне жазылған «Сенің көзің» әнін шарықтата шырқады. Сонымен қатар, ұлы ақынның «Қасиет пен қасірет» поэмасынан театрландырылған қойылымды шебер көрсетіп, көпшіліктің көңілінен шыға білді.



Барынша актерлік шеберліктерін қосқан оқушылар Мұқағалидің «Арыз жазып кетейін», «Анашым», «Менің анкетам» атты өлеңдерін бар сезіммен көпшіліктің назарына ұсынды, әдеби кеште ақиық ақынның өз даусымен оқылған өлеңдері тыңдалып, арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде ұлы ақынның шығармалары, отбасы мен еңбек жолы жайында кітаптарды қойылған-ды. Мұнан бөлек сөрелерден «Зияткерлік мектеп оқушысы оқуға міндетті 100 кітап» жобасы аясында оқулықтар да табылды. Кітапхана қызметкерлері оқушыларға 60 қазақ тілі, 20 орыс тілі және 20 ағылшын тіліндегі тиісті кітаптарды оқып, адам баласының ең сабырлы серігі – кітап екенін ұғындыра білді. Оқушылар барынша зейін қойып тыңдап, ұсынылған туындыларды оқып, рухани азық алғандарын жеткізді.

Кешке басым көпшілігі болашақ ақын мен жазушылар жиналды десек артық айтқандық емес. Оқушылар арасында Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын оқып, жатқа білмейтіндер жоқтың қасы. Айта кетейік, поэзия жұлдызына арналған кеш өте қызықты әрі мазмұнды өтті, өйткені оқушылар бұл іс-шараға бар ынта-ықыласымен дайындалып, Мұқағалидің шығармаларын қастерлей білетіндіктеріне көз жеткізді.

**Елена РЫБИНА**  
мектептің баспасөз хатшысы

## SEMINAR ON COPYRIGHT



On the basis of Korkyt Ata Kyzylorda State University a seminar was held on the topic of «The Documentation of intellectual property rights». Participants discussed the proper paperwork, and how to get patents. The Art teacher of Nazarbayev Intellectual School in Kyzylorda, Estelle Kenyon was invited as a participating guest to share her knowledge regarding intellectual copyright.

This is the time of development and the creating of new ideas so the seminar is well timed to assist those who lack the knowledge on how to protect their intellectual property by utilizing the patent law. The Center of technology commercialization and research library of Korkyt Ata State University

held a seminar to give the audience the bulk of the information pertinent to this law. The Head of the Department of Justice, teachers, young scientists, graduate students, as well as Art teacher Estelle Kenyon attended the workshop.

Besides the guests presentations, there was a book exhibition which displayed books on the topic of «Copyright and intellectual property». The contribution of the Art teacher Estelle Kenyon was interesting. The foreign artist spoke about the methods and ways of patenting intellectual property in her homeland - South Africa. Showing her website, Estelle invoked the interest of the guests with the rich uniqueness of her work.

It should be noted that everyone had the opportunity to ask the speakers questions and get a qualified, knowledgeable answer. A desire was expressed to have more of these informative seminars.

**Press - office of school**

## ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕП МҰРАТҚА

11 «С» сынып оқушысы Жамсат Анар Жамсатқызының «Мұражай – тарих таңбасы» тақырыбындағы ізденіс жұмысы республикалық байқауда үздік деп танылып, «Ғылым және білім ғасыры» ғылыми журналына енді.

Назарбаев Зияткерлік мектептері - баланың шығармашылық қабілетін арттыруда, оның өзіндік бейімділігін ашуда, баланың өздігінен білім алып, ізденімпаздықпен айналысуына негізделген білім ордасы болып табылады. «Бұлақ көрсең, көзін аш» - дегендей, әр баланың бойындағы ерекше табиғи қабілет пен дарындылық қасиетін дамытуда мұғалімнің кәсіби біліктілігінің шеберлігіне де байланысты. Оқушының шығармашылықпен айналысуына бағыт- бағдар беріп, ізденген жұмысын бағалай отырып, оны насихаттау әрбір пән мұғалімдерінің өзіндік міндеті деп білемін. Шәкірттеріміздің шығармашылық шыңынан орын алып, жетістікке жетуі - мұғалімнің еңбегінің жемісі.

Бүгінгі таңда Қызылорда қаласының химия-биологиялық бағыттағы мектебінде суырылып, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанған дарынды оқушыларымыз жетерлік. Олардың бірі 11 «С» сынып оқушысы Анар Жамсат. Оның «**Мұражай – тарих таңбасы**» тақырыбындағы ізденіс жұмысы «Зерттеуші» Республикалық ғылым-білім беру орталығы ұйымдастыруымен өткен «Үздік жас зерттеуші» атты ғылыми жобалар байқауында үздік деп танылып, еңбегі «Ғылым және білім ғасыры» атты Республикалық ғылыми журналында жарияланды. Анар өзінің ізденіс жұмысында өткеніміз бен болашағымызды байланыстырар киелі орындарымыздың бірі – әлемдік мұражайлар тарихына тоқтала отырып, еліміздегі мұражайларымыздың қаншалықты маңызды екенін саралаған. Мұражай құндылығын сақтап, оны жаңғырту шараларын, көпшілік қауымға насихаттау тұрғысындағы салыстырмалы тұрғыда ізденген мәліметтерінен «**БІЗ НЕГЕ ӨЗ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДЫ ДӘРІПТЕМЕЙМІЗ?**» деп шырылдаған жас жеткіншектің ішкі жан айқайын сезінуге болады. Сонымен қатар, мұражайдың қоғамдағы рөлі туралы «Мұражай бізге қаншалықты керек?» - деген жастар арасынан сауалнама жүргізіп, «әрине, керек» деп қысқа қайыра жауап берген оқушыларға Анардың ғана емес, ұлттық құндылығымызды дәріптей білетін жастардың бәрі іштей қынжылатыны анық. Олай болса, осындай киелі де қасиетті орындарды қорғау мен жандандыру елін сүйген патриот жастардың қолында дей келе, Анар ізденіс жұмысының соңында «**Қызылорда облыстық өлкетану мұражайымен оқушыларға дәріс беру барысында онлайн түрде байланыс жүргізілсе**» деп ұсынысын білдіріп, аз да болса, қауым назарына ой салды.

Міне, дарынды шәкірттеріміз өз шығармашылығымен биік жетістіктерге қол жеткізіп, жоғары дәрежедегі ерекшеліктерін таным- тағылыммен ұштастыратын білікті азамат болмасына кім кепіл? Еңселі еліміздің шаңырағын берік әрі биік ұстайтын, елімізді өркениетті елдермен тізгінін тарта теңестіретін біздің шәкірттеріміз болмақ.

Айгүл ЗЕЙНУЛЛА тарих пәнінің мұғалімі



## THE WEEK OF ART

The best voices Nazarbayev of Intellectual school in Kyzylorda are defined. The student of 9th class Aysultan Sadykbek and the teacher of physical education Zhanna Omarova are recognized as winners of the musical competition «NIS дауысы», organized within a week of art.

Nazarbayev the Intellectual school is full of talented students. One are strong in sports, others make progress in science and education. And here, perhaps, you will find hobbies for art in everyone. The musical competition «NIS дауысы» organized within a week of art, showed, how talented both students and their teachers.



Having sung in the first round patriotic songs, in the second, couples showed incendiary numbers, having presented soundtracks of well-known movies. Teams were so prepared for competition that it was very difficult to define winners. With the greatest number of points of spectator vote the physical education teacher Zhanna Omarova and the student of the 9th class Aysultan Sadykbek were recognized as the most talented couple. The others were marked out in the nominations.

Except musical competition within the week of art other interesting actions were organized



also. Beginning vocalists met members of chorus of «Yapyray» Kyzylordinsky humanitarian name college Manshuk Mametovoy, and young artists of school took a master class from the known painter Amankelda Kenbayev. Having taught equipment of drawing, the author of one hundred pictures and sculptures awakened special interest to art in children.

Students received great impression during a meeting with dancing group «Tomiris», the numerous prize-winner of republican and international awards. On the example of the activity professional dancers urged pupils of school to be attentive at choice of profession, to love art, and to develop national values.

During the week of art unusual competition - «A flashmob battle» was held. Shanyraks competed among themselves, having presented to spectators independently prepared dancing nominations. And here children showed big talent, they could transmit the love to school through dance, show as far as they solid and amicable team.

During the week students travelled and to a film world. Each class, showed the animated pictures, made sound dubbing-in of favourite movies, having mastered work film, the sound technician and the film director.

Press - office of school





Тарихты жасаушы – халық. Алхалықты бастаушы – зиялы қауым. Уақыт талабына сай Елбасы өзінің есімімен аталатын мектептер мен Назарбаев университетін ұйымдастыруға батыл қадам жасады. Бұны Президентіміздің алысты болжайтын тарихи, саяси, әлеуметтік стратегиялық батыл қадамдарының бір көрінісі деп түсінгеніміз жөн.

Қай кезде де жаңалық атаулы қиындықсыз іске асқан ба?.. Назарбаев Зияткерлік мектебіне конкурспен түсудің өзі оқушы мен ата-ананың санасына салмақ салғанын несің жасырайын. Менің де немерем Мұхамбет Данияр осы мектептің 7-сыныбына жүзден жүйрік шығып, зияткер оқушылардың қатарына енді.

Мектеп директоры Мункеева Гүлмира Бақытбекқызының басшылығымен мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым қалыптасқан жағдайға үлкен жауапкершілікпен талдау жасап, тиісті әдістемелік шараларды іске асы-

рып, туындаған қиындықтан тез арада ұжымдық педагогикалық шеберліктің үлгісін көрсетіп, тұйықтан шыға білді. Ұйымдасқанына небәрі 7-8 ай ғана болған ұжымның осыншалықты қысқа мерзімде адам нанғысыз шығармашылық жетістікке жетуін мен өзімнің 41 жылдық педагогикалық қызметімде бұрын-соңды кездестірген емеспін. Бұл жағдай біріншіден, мектеп әкімшілігінің ұйымдастыру жұмысындағы асқан шеберлікті көрсетсе, екіншіден, кадр таңдаудағы конкурстық жүйенің әділ өткендігі мен жалпы білім беретін мектептің бағдарламасының базалық білім деңгейін оқушылардың жақсы меңгергендігінің көрінісі болса керек.

Екінші тоқсанның қорытындысымен оқушылардың үлгісі жақсарып, олар мектеп өміріне төселіп, мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық жұмысы қалыптасты. Бұл жағдай ел Президентінің соңғы жолдауындағы индустриалды-инновациялық Қазақстан бағдарламасының негізі білім саласындағы реформаларға байланысты екеніне көзіміз жеткендей болды.


Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі Назарбаев Зияткерлік мектебінде қала әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов пен мектеп директоры Гүлмира Мункееваның құттықтау сөзімен ашылып, театрландырылған қойылыммен басталды. Ұлттық киім киген кереметтей оқушы қыздар мен жігіттер күн мен түн теңеліп, Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлеп, жаңарған дүниенің көркем көрінісін көпшілікті иландырып нанымды етіп көрсетті. Әсем ән мен сұлу би, қан қыздырар күй әуендері жұрттың жүрек қылың тербетті.

Оқушылардың күшімен ұйымдастырылған көрмеден түскен қаржыға мүмкіндігі шектеулі 14 балаға қажетті сыйлықтар алып береміз деп шешті. Мерекеге орай спорттың 12 түрінен жарыстар өткізілді. Мереке соңында Назарбаев Зияткерлік мектебінің 600-ге жуық оқушысы, екі жүздей қызметкері, ұстаздар мен ата-аналар, барлығы мыңға жуық адам флеш-мобта жиналып, «Қара жорға» биін биледі. Көктемнің шуақты күнінде, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін Назарбаев Зияткерлік мектебі аспанының астында өнердің құдіретімен сусындап, гуманизм идеясымен рухтанып, демократия мен адамзат еркіндігі дегенді сезінгендей марқайып қайтқан едік.

Ғасырлар бойы жаншылған қоғамдық сана оянып, XXI ғасырдан бастап өрлеу деңгейі байқалады. Адамзат өркениетінің ұзақ жолын қазақ елінің қаһарман ұл-қыздары тәжірибе мен заманауи ғылым жетістіктерінің арқасында тарихи қасқа жолмен өтетін болар. Өмір өскелең ұрпақты бізден асқан білімді, бізден асқан оралымды, бізден асқан мәдениетті етеді. Бұны жасайтын – «Мәңгілік қазақ елі».

**Махан БЕРЖАНОВ,**  
зейнеткер, ата-ана,  
ҚР халық ағарту ісінің озық қызметкері

Сингапурда өткізілген «Педагогикалық дизайн және жаңа медиа технологияларды үйлестіру» тақырыбындағы оқыту курсы өз нәтижесін беруде. Биология пәнінің мұғалімі Ербол Қайнарбаев оқу процесінде қажетті методикалық әдістемелерді әзірлеп, дидактикалық өнімдер жасады.



2013 жылдың қазан айының 26-ші жұлдызы мен 10 қараша аралығында Сингапурда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдеріне арналған оқыту курстары ұйымдастырылған болатын. Халық-аралық мамандармен тәжірибе алмасу мақстанында Қызылордадан биология пәнінің мұғалімі Ербол Қайнарбаев барып, біліктілігін жоғарлатып қайтты. Білім алып қана қоймай, жергілікті жерде, яғни химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде білім беру процесінде алған білімін пайдаланып, инновациялық технологияны меңгертуге өзіндік үлесін қосып келеді. Атап айтқанда, оқу процесіне қажеттілігі мол

«Skyreader.ca» ресурстарын пайдалану және сондай өнім жасауда өзіндік үлес қосу барысында Қайнарбаев Ербол Еділбайұлы 8-сынып оқушыларымен бірлесе отырып, жұмыстар жүргізуде. Skyreader.ca өнімнің тиімділігі - анимациялық тапсырмаларды қалай құрастыруға болатындығы және суреттерді, бейнебаяндарды, әр түрлі тапсырмаларды енгізу арқылы дидактикалық өнім жасау. Оқушылар skyreader.ca өніміне қызығушылықтарын таныта отырып, тақырыпқа байланысты суреттерді, бейнебаяндарды енгізу арқылы жұмыстар жасады.

Анимациялық дидактикалық тапсырмалары енгізілген 7-сыныпқа арналған биология пәнінің «Асқорыту» тарауы бойынша кіші әдістемелік нұсқаулық құрастырылды, яғни барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тарау бойынша оның бірнеше бөлімдеріне дидактикалық өнім жасалды. Тақырып бойынша: тестер, терминдер, әртүрлі тапсырмалар, бейнематериалдар, қосымша мәліметтерді енгізе отырып, анимациялық тапсырмалар тақырыптарға сай құрастырылып берілді. Биология сабағында бұл жасалған өнімдер пайдаланылып, өзінің тиімділігін көрсетті. Skyreader.ca өнімі алдағы уақытта сабақ барысында қолданылады және оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыратыны анық.

Skyreader.ca өнімі бойынша жасалған жұмыстың нәтижесін төмендегі сілтеме арқылы көруге болады. <http://skyreader.ca/studio/books> login:erbol\_777\_555@mail.ru; parol: erbol181186



**Дариха МҰНАРБАЕВА**  
Кызылорда қаласы химия-биологиялық бағыттағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі директорының  
ҒӘЖ жөніндегі орынбасары



### Наурызға арнау

Наурыз деген - күн мен түннің теңелуі,  
Үйге де мол ырыс-бақтың кенелуі.  
Наурыз деген - көктемнің оралуы,  
Наурыз деген - тіршіліктің оянуы.

Көңіл-күйді көтеріп Наурыз келді,  
Шаттандырды, қуантты барлық жерді.  
Той-думан өтіп жатыр төңіректе  
Келіндер, қосылыңдар барың енді!

Жайнап тұр ғой ақ дастархан жайылып,  
Ақсақалдар береді ылғи батаны.  
Орындалсын айтылған осы бар үміт,  
Сыйлай білгін жасы үлкен атаны.

Жеті нәрлі тағамнан жасалатын,  
Наурыз көже дайындар мейрамда.  
Бұл тағам дастарханнан табылатын,  
Ең құнарлы емес пе мұсылманда.

Бауырсақ та ып-ыстық дайындар,  
Жайнап тұр ғой дастарханда құрт, майлар.  
Ұлттық ойын өтіп барлық жерде,  
Сауық-сайран болмаса не той болар?!

Әз-Наурызым, қош келдің даламызға,  
Берекеңді төге гөр ұл-қызыңа.  
Көптен күтіп халқымыз тойлап жатыр,  
Наурыз - ұлттық құндылық, ол - қазына.

Мерекеңіз құтты болсын қазақ халқы,  
Еліміздің арта берсін атақ-даңқы.  
Отбасыңыз, мал-жаныңыз аман болсын,  
Үйлеріңіз қуанышқа дәйім толсын!

**Әбүтәліпова Аружан**  
7 «D» сынып оқушысы

### ЕҢ БИІК ШЫҢ

(Сыр саңлағы, ақын, дарамтург  
Әбділда Тәжібаевтың туылғанына 105 жыл  
толуына орай)

Ақмешіттің киелі топырағында,  
Тәжібайдың ордалы отбасында.  
Туыпты дара тұлға, елге сыйлы,  
Кім біліпті ақын боп шығарын да.

Анасы Айманкүлден хат таныған,  
Жастайынан ақылды, зерек болған.  
Алғашқы жыр кітабы жарық көріп,  
Сыр жауһары ішінде тұнып тұрған.

Ақыны боп қазақтың даңқы озған,  
Хисса, дастан, поэма бәрін жазған.  
Қазақтың мол мәдени мұрасына,  
Артынан өшпес сүрлеу із қалдырған.

«Жаңа ырғақ», «Құрдастар» деген оның,  
Бүгінде бар 5 томдық жыр жинағы.  
«Майра» мен «Көңілдер» деп аталған,  
Пьесалары сахнаның болған сәні.

Еңбек еткен қаншама елім үшін,  
Ұмытпасын, бағаласын оның атын.  
Әбділда Тәжібаев атам болар,  
105 жылдық мерейтойы тойланатын.

Бүгінде оның аты елге мәлім,  
Жас ұрпаққа көрінер ол биік тым.  
Өлеңдері оқығанда жан тербеткен,  
Әбділда Тәжібаев - ең биік шың.

**Қуанышова Айжан**  
7 «D» сыныбының оқушысы

### Болашаққа үміт

Айқара ашты есігін біздер үшін,  
Ұғындық мұнда біздер білім күшін.  
Назарбаев Зияткерлік мектебі,  
Жастар үшін болашақтың көктемі.

Кураторлар жылы жүзді, шырайлы,  
Мұғалімдер білім нәрін сыйлайды.  
Шаңырақтың лидерлері әрқашан,  
Оқушылар қамын әркез ойлайды.

Қуанамын 8 «B» сыныпқа түскеніме,  
Достар таптым, қуанамын бұл күнге.  
Келесі жыл құрамымыз өзгермей,  
Дәл осылай қауышайық келгенде.

Үмітім бар, мақсатым бар болашаққа,  
Осы мектепте кірпішімізді қаласақ та,  
Алға ұмтылып, бәрін де қуантайық.  
Жетістікке жетіп біз бір жасайық.

**8 «B» сыныбы оқушысы Тасқынбайқызы Қаракөз**



Жақында «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы ұйымдастырған «Мәңгілік Ел тарихы» және «Саясаттану – құрметті мамандық» конкурстарына мектебіміздің 9 «а» сынып оқушылары Абдраим Асқар мен Ботантай Анар және 9 «b» сынып оқушысы Дүйсен Нартай қатысқан болатын.

Конкурсқа «Мәңгілік Ел тарихы» рубрикасының «Қазіргі заманғы Қазақстан: Қазақстан 1917-1920 жж. саяси оқиғалар кезеңінде» тақырыптық бағыты бойынша Ботантай Анар мен Дүйсен Нартайдың бірігіп орындаған «Аудан тарихындағы Арал бекінісінің алатын орны» тақырыбындағы жобасы ұсынылды. Ал «Саясаттану – құрметті мамандық» рубрикасының «Қазіргі

заман тарихы: XX ғасырдың II жартысы – XXI ғасырдың басындағы қоғамдық құрылыстың өзекті мәселелері» тақырыптық бағытымен Абдраим Асқардың «Корей түбегіндегі саяси ахуалға сараптама» тақырыбындағы жобасы ұсынылды. Конкурсстардың сараптау нәтижелері бойынша ұсынылған жұмыстары үздік деп танылып, қорытындысында оқушылардың барлығы да құрметті 2-дәрежелі мадақтамаға ие болып, жеңімпаз атанды. Аталмыш жобалардағы көтеріліп отырған тақырыптар бүгінгі күн тұрғысынан алғанда актуальді болғандықтан, мақалалар «Елорда ғылыми хабаршысы – Научный вестник столицы – Scientific messenger of the capital» журналының 2014 жылғы №1-3(46-48) санында жарияланды.

Айта кету керек, қоғамдағы болып жатқан құбылыстардан тыс қалмайтын, шығармашылыққа жаны құмар және әрбір фактіге өзіндік көзқарастар ұстанатын осындай дарынды шәкірттердің жеңіске жетуіне баулыған жетекшісі – тарих пәні мұғалімі Әбдіжәлиев Нұркен.

Анар мен Нартайдың мақаласында өлкеде Кеңес өкіметін орнату және Азамат соғысы мен шетел интервенциясы жылдарында ақгвардияшылардың шабуылын тойтарудағы Арал бекінісінің атқарған ролі мен тарихи маңызы ашып көрсетіледі. Соғыстың болып өту маршруттарын сызу арқылы, осы тақырыптың тарихтағы алатын орнын айқындаудың барысында, жастарға патриоттық үлгі көрсеткілері келеді. Ал Абдраим Асқардың мақаласындағы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Корей түбегінде орын алған саяси оқиғалар мен қалыптасқан саяси ахуалға жасалып отырған сараптамасы бүгінгі күн тұрғысынан алғанда өте актуальді зерттеу болып табылады. Оқушыларымыздың осындай табыстары өзге де құрбыларына үлгі болары сөзсіз.

### ҚЫЗЫҚТЫ КАНИКУЛДАР ШАҚЫРАДЫ

Жазғы каникул күндері оқушылар мектебімізде ұйымдастырылатын жазғы лагерьде ағылшын, орыс, қазақ тілдерін тереңірек игеріп, математика, химия және биология пәндерінен қосымша тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Мұнан кейін Зияткерлік мектеп оқушыларын қызықты да әсерлі демалыстар мен саяхаттар күтіп тұр. «Тұған елге тағзым» іс-әрекетті зерттеу бағытындағы өлкетанулық экспедициясы құрамында олар Астана және Өскемен қаласына сапар шегіп, аймақ туралы (оның өткені, бүгінгі мен болашағы туралы) толық хабардар болады, зерттеу жүргізіп, сұхбат алып, жинақталған материалды тәжірибеде қолдану үшін сараптау жасайды. Экспедицияға 7, 8, 9, 10-сыныптардан оқу барысында, шығармашылықта, спорттық шаралардағы жетістіктері үшін таңдалған оқушылар қатысады. Ал 15 оқушы әлемнің әр түкпіріндегі қалаларда элективтік курстарда білімдерін жетілдіріп қайтпақ. Атап айтсақ, 3 оқушы биология курсы бойынша Мәскеу қаласына, 4 оқушы Байқоңыр қаласындағы В.М.Челомей атындағы ғарышкерлер мектебіне, 4 оқушы инженерия және математика бойынша АҚШ-қа, 2 оқушы биология және химия, физика курстары бойынша Сингапурға, 2 оқушы физика курсы бойынша Ұлыбританияға жол жүреді.

**Досан Жүнісов**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

### ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ

Мектептің мекенжайы: Қызылорда қаласы,  
Сұлтан Бейбарыс көшесі, 8.  
Мектептің аты: Химия-биологиялық бағыттағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі.  
Почта индексі: 120003  
Электрондық пошта мекенжайы: info@kzlns.edu.kz  
Директор: Мункеева Гульмира Бақытбековна  
Қабылдау бөлмесінің телефон нөмірі: 8(7242)55-11-51.  
Бас редактор: Досан Жүнісов

Адрес школы: город Кызылорда,  
улица Султана Бейбарса, 8.  
Название школы: Назарбаев Интеллектуальная школа  
химико-биологического направления.  
Почтовый индекс: 120003  
Адрес электронной почты: info@kzlns.edu.kz  
Директор: Мункеева Гульмира Бақытбековна  
Номер телефона приёмной: 8(7242)55-11-51  
Главный редактор: Досан Жунусов

School address: Sultan Beibarys Street, No.8,  
Kyzylorda city.  
School name: Nazarbayev Intellectual  
School of Chemistry and Biology.  
Postcode: 120003  
E-mail address: info@kzlns.edu.kz  
Principal: Munkeeva Gulmira Bakytbekovna  
Office phone №: 8(7242)55-11-51.  
Chief editor: Dosan Zhunussov

### НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ШКОЛА ХИМИКО-БИОЛОГИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ ГОРОД КЫЗЫЛОРДА

## ВСЕМ ОТЛИЧНОГО НАСТРОЕНИЯ!

В преддверии окончания учебного года учащиеся НИИШ г.Кызылорда состязались в юморе на традиционной и любимой игре КВН.



С целью формирования нравственных, духовных и культурных ценностей, развитие эстетического, художественного вкуса среди учащихся Назарбаев Интеллектуальной школы еще в начале учебного года стартовала традиционная игра КВН. Изначально в состязании приняли участие 14 команд – по одной команде из каждого Шанырака, но пройдя несколько этапов, только 4 команды смогли выйти в финал.

В основном команды шутили на школьную тему, про экзамены, учебные занятия. Многие из них впервые выступали на сцене, но, как говорят сами участники, главное – не призы, а отличное настроение. Во время игры чувствовался дух соперничества и азарта, все как во взрослой игре.

Всего ребятам пришлось состязаться в юморе по 4 турам: приветствие, биатлон, разминка и домашнее задание. В последнем этапе игры команды



смогли проявить свою фантазию, подготовив интересные видеоролики о школе. Жюри оценивало выступление команд на качество юмора и общую сценическую культуру. Особо приветствовались режиссерские находки и артистизм исполнителей.

«Видя выступление этих ребят, я вспоминаю себя на первых играх. Немного неуверенные, но в тоже время смешные. Думаю что среди этих ребят в будущем обязательно получатся замечательные актеры. КВН станет традиционным в этой школе», - отметил главный член жюри Абдусайд

Тулегенов, директор областного филиала КВН.

Все победители и призеры юмористического конкурса были поощрены дипломами и кубком школы. «Лучшим юмористом 2014 года» был признан учащийся 9 «Е» класса Уркен Канибек. Звание «Лучший Шанырак школы» удостоились потомки Жанкожи батыра, которые на протяжении всей игры старательно поддерживали свою команду.

Нужно сказать, что организаторы посвятили КВН маленькому жителю Кызылординской области Жасулану Корганбек, который страдает редким заболеванием – ихтиозом. Все вырученные средства с продажи билета учащиеся Назарбаев Интеллектуальной школы намерены передать на лечение мальчика.



Елена РЫБИНА,  
пресс-секретарь школы



Kyzylorda